

# Сабақтың тақырыбы:



**Ақпарат жинақтауыштар** – кез келген ЭЕМ-нің қажетті бөлігі. Оларды көбінесе ақпараттың сыртқы жинақтауыштары немесе компьютердің сыртқы жадысы дейді. Олар көлемді ақпаратты ұзақ сақтау уақыты үшін қажет. Ондағы мәліметтер ЭЕМ-нің жұмыс күйіне байланысты болмайды. Сыртқы жадыда кез келген бағдарлама немесе **жай мәліметтер сақтала береді**, сол себепті оны әрбір адамның мәліметтерінің кітапханасы деуге болады. ДЭЕМ-дерде ақпаратты жинақтаушы рөлін магниттік **дискілердегі жинақтауыштар** атқарады, олардағы мәліметтерді тікелей оқуға не жазуға болады. Соңғы кездерде ДЭЕМ-дер үшін магниттік таспадағы жинақтауыштар – **стримерлер** шықты, бірақ олар өте көлемді мәлімет сақтай алғанмен, оқу-жазу жұмыстары бірте-бірте тізбектей іздеу арқылы жай жүргізіледі. Сол себепті стримерлер магниттік дискідегі жинақтауыштарды ауыстыра алмайды, тек толықтырады.




**Магниттік дискідегі жинақтауыштар екі түрлі болады: иілгіш магниттік дискідегі жинақтауыш және қатқыл магниттік дискідегі жинақтауыш. Иілгіш дискідегі (дискеттегі) жинақтауыштар бір компьютерден екінші компьютерге мәлімет алмастыру үшін, әзір жұмысқа қажет емес информацияны сақтап қою үшін, қатқыл дискідегі мәліметтердің архивтік (тығыздалған) көшірмесін алу үшін керек.**

1-МОДУЛЬ

Алғы сөз және дербес компьютермен алғашқы таныстық

КОМПЬЮТ

Жүйелік қорап



к жетектері

ра  
арн

бейнесызбалық

желілік т

дыбыстық т

**Тұрғылықты диск** (тұрғылықты диск жетегі) немесе Hard disk Drive (HDD) – бұл компьютердегі негізгі мәліметтер қоймасы.

Компьютерлердің көпшілігі құрамдас тұрғылықты дисктермен жабдықталған. Оларға қосымша бағдарламалар орнатылады, онда файлдар әзірленеді және әр түрлі мәліметтер сақталады.

Тұрғылықты дискінің сыйымдылығы түрлі компьютерлерде алуан түрлі болады да, мегабайтпен және гигабайтпен өлшенеді. Қазіргі заманғы тұрғылықты дисктердің сыйымдылығы 80-500 Гбайт және одан да үлкен болады.

**ҚАТҚЫЛ ДИСК НЕМЕСЕ HARD DISK DRIVE (HDD) – БҰЛ КОМПЬЮТЕРДЕГІ НЕГІЗГІ МӘЛІМЕТТЕР ҚОЙМАСЫ. КОМПЬЮТЕРЛЕРДІҢ КӨПШІЛІГІ ҚҰРАМДАС ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ДИСКТЕРМЕН ЖАБДЫҚТАЛҒАН. ОЛАРҒА ҚОСЫМША БАҒДАРЛАМАЛАР ОРНАТЫЛАДЫ, ОНДА ФАЙЛДАР ӘЗІРЛЕНЕДІ ЖӘНЕ ӘР ТҮРЛІ МӘЛІМЕТТЕР САҚТАЛАДЫ.**





- Жаңа заманғы компьютерлер CD/DVD диск-жетексіз бола алмайды, барлық ақпараттар DVD диск-жетегіне оқу және жазу үшін қолданылатын оптикалық дискілер арқылы таратылады.
- 1978 жылы екі ірі Phillips және Sony фирмалары музыка жазу және сақтауға арналған жаңа формат жасау үшін бірікті. Нәтижесінде 1982 жылы сыртқы диаметрі 120мм, ішкі саңылау диаметрі 15мм және қалыңдығы 1,2мм-лік компакт-дискісі (Compact Disc, CD) пайда болды. Бұл көлемдер әлі де сақталған.
- Бастапқы компакт-дискілердің көлемі 650Мбайт болатын. Басында олар музыкаға құмарларға арналды. Кейіннен компакт-дискілер компьютердегі ақпараттарды жазуға және сақтауға қолданылды.

- Қазір оптикалық дискілермен жұмыстану үшін DVD диск-жетек қолданылады. Оптикалық DVD сақтау орны оптикалық CD-лардан бірнеше есе артық. Компакт-дискінің көлемі 650-700 Мбайт (кейде 800 Мбайт кездеседі) болса, DVD-дің көлемі екі қабатты және екі жақты дискі болған жағдайда 17 Гбайт-қа дейін жетеді.
- Сыртынан қарағанда DVD диск-жетек жай ғана компакт-дискіге арналған CD диск-жетек сияқты көрінеді. Бірақ оның артықшылықтары өте көп.
- Ақпаратты тасымалдау барысында DVD технологиясы ең үлкен тасымалдаушыға айналды. Бір жақты, бір қатарлы стандартты дискіде 4,7 Гбайт ақпарат болады. Екі қатарлы стандартты DVD дискі 8,5 Гбайт көлемге дейінгі ақпаратты сақтай алады.
- Қазіргі таңда үшқатарлы DVD-мен жұмыс жасауға мүмкіндік беретін технология жасалып жатыр, ол соған сәйкес ақпаратты көп мөлшерде сақтай алады. Сондай-ақ, 40 Гбайт-қа дейінгі көлемдегі ақпаратты сақтауға болатын дискілер бар, бірақ олармен жұмыс жасайтын диск-жетектің бағасы белгісіз, сондықтан да олар әлі кең қолданысқа таралмады